



010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер Үйі, 5 - кіреберіс
тел: (7172)74 28 19, факс: (7172) 74 36 50

010000, город Астана, пр. Мәңгілік ел даңғылы,
Дом Министерств, 5 подъезд
тел: (7172)74 28 19, факс: (7172) 74 36 50

№ _____

№ исх: 09-1-15/38-Д от: 03.04.2017

**Қазақстан халқы Ассамблеясынан
сайланған Мәжіліс депутаттары:**
С. Әбдірахмановқа
Н. Жұмаділдаевқа
Р. Кимге
Н. Микаелянға
А. Мурадовқа
Ш. Нұрымовқа
Ю. Тимошенкоға
Ш. Хахазовқа

Құрметті Депутаттар!

2017 жылғы 2 наурыздағы №ДС-63 депутаттық сауалға

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды (бұдан әрі – МӘМС) енгізу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын (бұдан әрі – АТЖ) жүргізу мәселесіне қатысты мынадай жауапты ұсынады.

МӘМС енгізу жөнінде АТЖ үш бағытта жүргізілуде: халықа, жұмыс берушілерге және медициналық қызметкерлерге. АТЖ жүргізуде медициналық ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар, Денсаулық сақтау министрлігі, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру» КЕАҚ (бұдан әрі – «ӘМСҚ») КЕАҚ және жергілікті атқару органдарының өкілдері ат салысуда.

Жыл басынан бері ҚР денсаулық сақтау министрі Е. Біртановтың төрағалығымен Астана және Алматы қалаларында МӘМС енгізуді талқылау және Мемлекет басшысының Жолдауының денсаулық сақтау саласын жаңғырту бойынша басты бағыттарын іске асыру мәселелері жөнінде «ӘМСҚ» КЕАҚ Басқарма төрайымы Елена Бахмутованың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері орынбасарларының қатысуымен бірқатар отырыстар өткізілді. Іс-шараға медициналық ұйымдардың басшылары, медицина

университеттерінің оқытушылық құрамы, қалалық денсаулық сақтау басқармасының қызметкерлері, қалалық мәслихат депутаттары, «Нұр Отан» партиясының қалалық филиалының мүшелері, Кәсіподақ ұйымдарының және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, республикалық және өңірлік журналисттерден тұратын 150-ден астам адам қатысты. Барлық осы кездесулердің қорытындылары бойынша 30-дан астам баспахана аккредиттеліп, 90-нан астам ақпараттық-сараптамалық материалдар, бейнесюжеттер жарияланды (эфирге шықты).

ҚР денсаулық сақтау министрі Е. Біртановтың Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарына болған жұмыс сапарларының шеңберінде өңірлердің медицина қоғамына түсіндіру кездесулері ұйымдастырылды.

Сондай ақ, менің төрағалығымен Мемлекет басшысының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын жүзеге асыруда МӘСҚ енгізу мәселелері» тақырыбы бойынша ҚР Парламентінің Мәжілісі депутаттарының, Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің және комитеттерінің, республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының, кәсіби медицина қауымдастығының және басқа да үкіметтік емес ұйым басшыларының қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді.

Халыққа МӘМС енгізу бойынша АТЖ жүргізу мақсатында барлық облыс орталықтарында облыс әкімдері орынбасарларының басшылығымен республикалық штабтар және өңірлік штабтар құрылды.

АТЖ шеңберінде өңірлік штаб мүшелері әр түрлі нысаналы топтардың: қалалар, аудандар және елді мекендер деңгейіндегі жұмыс берушілердің, бюджеттік ұйым қызметкерлері мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың, жұмыссыздар мен ірі кәсіпорын жұмысшыларының арасында кездесу өткізді. Өңірлердің есебі бойынша өткен жылдың маусым айынан бері **229 500**-ден астам адам қамтылған **2 419**-ге жуық кездесу өткізілген.

Республикалық штаб спикерлері деңгейінде **959** медициналық ұйым үшін **68** кездесу өткізіліп, **8 226** медицина ұйымының өкілі қамтылды. Облыстық және қалалық әкімдіктердің жетекшілігімен өңірлік спикерлер медицина қызметкерлері арасында **676** кездесу өткізіліп, **65 712** адам қамтылды.

2017 жылдың басынан бастап АТЖ шеңберінде **70 000** адам қамтылған **800**-ден астам кездесу өткізілді, оның 40 %-ы ауыл халқы. Облыс-аудан-село каскадтық схемасы бойынша халықпен кездесулер жөніндегі түсіндіру жұмыстарын Жамбыл, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Қызылорда облыстары белсенді түрде жүргізуде.

Еліміздің ауыл халқын ақпараттындыру электрондық және баспа БАҚ арқылы жүзеге асырылады, МӘМС тақырыбын таратуға аудандық газеттер белсенді қатысуда. Ақпаратты әрбір ауыл тұрғынына тиімді жеткізу мақсатында халықты аудандық емханалардың базасында тарту бойынша әр түрлі акциялар ұйымдастыру (ашық есік күндері, тегін зерттеліп қаралу, балалар ауруының профилактикасы), МӘМС-ке қатысу шарттарын түсіндіру және тұрғындарды қабылдау үшін арнайы кабинеттер ашу жоспарланып отыр. Ауыл ауруханаларының Call-орталықтары белсенді режимге ауыстырылатын болады. Сонымен қатар, ауыл халқын кеңінен қамту үшін «Қазпошта» АҚ

филиалдарының желісін пайдалану жоспарланып отыр, ол арқылы МӘМС-ке қатысу мәселерін тусінуге оңай ақпараттық-имидждік баспа өнімдері таратылатын болады.

Сонымен қатар, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының мемлекеттік және орыс тілдерінде www.fms.kz ресми веб-сайты құрылып және күн сайын контентпен толығыда

Бүгінгі күні анимациялық және қойылымдық бейнероликтер мемлекеттік және орыс тілдерінде мемлекеттік ТВ-арналарда, республиканың кинотеатрларында, медициналық ұйымдардың барлық желілерінің LED-экрандарында, еліміздің ХҚҚО-ларында трансляциялануда және Ғаламтор желілерінде вирустық бейнероликтер таратылуда. МӘМС енгізу туралы бейнероликтер ротациясы ҚР барлық облыстары мен қалаларындағы 120 LED-экрандарда күніне 2 500 рет трансляциялай отырып орналастырылған. ХҚҚО-ларда, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жұмыспен қамту басқармаларында, еліміздің медицина ұйымдарында буклеттерді және инфографика материалдарын тарату қамтамасыз етілген. 6 ірі қаланың кинотеатрлар желісінде киносеанс алдында МӘМС туралы бейнероликтер көрсету орналастырылған.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі МӘМС енгізу бойынша түсіндіру жұмыстарын ауқымды көлемде жалғастыратын болады.

Министр

Е. Біртанов